

Целиноград аудандық мәслихатының 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 17/2-6 "
Целиноград ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және
демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешіміне өзгеріс
енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 қазандағы № 356/51-6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 қазанда № 7451 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 шілдедегі № 429/64-6 шешімімен

Ескерту.. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 10.07.2020 № 429/64-6 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер , шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10-бабына сәйкес Целиноград аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Целиноград аудандық мәслихатының "Целиноград ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 17/2-6 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5387 болып тіркелген, 2016 жылғы 6 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасына:

1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. Бейбіт жиналыстар мен митингілер өткізу орындары белгіленсін:

1) Ақмол ауылы, Гагарин көшесі, аудандық Мәдениет үйі ғимаратының алдындағы алаң;

2) Ақмол ауылы, "Бахыт" ықшам ауданы, стадионға қарсы алаң."

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Целиноград аудандық
мәслихатының хатшысы*

Б.Ибраев

КЕЛІСІЛДІ"

Целиноград ауданының әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК